

### Иудей мен христиандарга ыйленуге болмайды

Осындай акымактарга надан кыз келіншектер гашык болып әуре болады. Кезінде мұсылмандар Меккеден Мединаға кошкен кездерінде Аллаһ мұсылмандарға баска діннің оқилдеріне ыйленуге рұқсат бергені шындық. Бірақ кейінірек ол рұқсатты алып тастады. Ойткені н еке тек мұсылмандардың арасында жасалады. Мұсылманның әйелі мұсылман емес болуы мүмкін емес, ойткені Аллаһ Құран бойынша бір гана дінді таниды, бұл дін Ислам. Исламдық отбасында екі діннің болуы – бос соз және харам.

Аллаһ Құранда **«Әй, иман келтіргендер! Яһудилер мен христиандарды өздеріне көмекші әрі дос деп санамандар, өйткені олар бір-бірінің көмекшісі әрі досы. Сендерден кім оларды көмекші әрі дос санаса, оның өзі солардың бірі»** (5:51) деп ескертеді. Кордініздерме, христиандар мен иудейлерді әйел қылып алмақ түгіл көмекші не дос етіп алсан өзін солардың біріне айналасын деп ескертеді Жаратушы Ием.

Аллаһ тағы былай дейді **«Өздеріне анық белгілер көрсетілгеннен кейін бөлініп, адасып кеткен (яһудилер, христиандар) сияқты болмандар. Олар үшін үлкен азап бар»** (3:105). Иудейлерде, христиандарда имансыз, көпқұдайшыл кәпір, мұшрік, орысша многобожник болып саналады. Аллаһ мына аятында кәпірлерге ыйленуге, не қыеуге шығуға болмайды дейді: **«Мұшріктерге иман келтірмейінше ыйленбендер. Әлбетте, мүмін күл көпқұдайшылдан жақсырақ, тіпті ұнатса да. Мұсылман әйелдерді мұшріктерге олар иман келтірмейінше қыеуге бермендер. Әрине, мүмін күл мұшріктен жақсырақ, тіпті оны ұнатса да. Олар тозаққа шақырады, Аллаһ тағала өз рұқсатымен жәннат пен кешірімге шақырады»** (2:221). Христиандар мен иудейлердің кәпір екенін Аллаһ Тағала мына аятында айтады: **«Алла үшінші» дегендер кәпір болды»** (5:73) дейді. Тағы бір аятта Аллаһ былай деп бұйырады: **«Әй, иман келтіргендер! Мұсылмандар тұрғанда, кәпірлерді көмекші, дос тұтпандар»** (4:144). Бұдан артық енді қандай дәлелдер керек?! Оздерін христиан деп атайтын бүгінгі адамдар киелі кітаптағыларға жатпайды, ойткені олар икондарға, кресттерге және т.б. идолдарға

## Иудей мен христиандарға үйленуге болмайды

Автор: Administrator  
31.12.2023 19:59 -

---

табынып, многобожник болып кеткен.

Хадиста былай айтылады «**Эйелді төрт нәрсеге байланысты алады: мал-мүлкіне, тегіне, сұлулығына және дініне байланысты, дінге берілгенді ал, әйтпесе ұтыласын** !» (Бұхари, Мұслим). Тағы бір хадиста: «**Өмір – ләззат, ал өмірдегі ең жақсы ләззат – салихалы әйел**» (Мұслим).  
Салихалы деген орысша праведная.

Корытындылай келе, әлемдердін Раббысы Алланка барлық сансыз және шексіз мактаулар болсын! Пайгамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасы мүшелеріне, сахабаларына және оларға ілескен барша жандарға Алланың игілігі мен сәлемі болсын! Әмин!

Сайт иесі - <https://ummakz.kz> - Мейірханов Мейрам.